

Алматы қаласында халықты тіркеу Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

ІІІ сайланған Алматы қалалық мәслихатының ІV сессиясының 2003 жылғы 24 желтоқсандағы N 25 шешімі. Алматы қалалық Әділет департаментінде 2004 жылғы 20 мамырда N 601 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2014 жылғы 10 қыркүйектегі № 260 шешімімен

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Алматы қаласы мәслихатының 2012.09.14 № 56 шешімімен күші жойылуы көзделген (01.01.2013 бастап күшіне енеді).

Күшін жою туралы шешімнің күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2012.12.12 № 86 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 10.09.2014 № 260 шешімімен (ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-ІІ заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" 1.07.1998 жылғы N 258-1 заңының 3 бабының 8 тармағына және Алматы қаласы Әкімінің ұсынысына сәйкес ІІІ-сайланған Алматы қаласының Мәслихаты

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Алматы қаласының халқын тіркеу ережелері бекітілсін, қоса беріліп отыр.
2. Алматы қаласының әкіміне ұсыныс:
 - 1) Алматы қаласының уәкілетті мемлекеттік органдарының қызметінде ақпараттық технологияны енгізетін және қолдайтын коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынды анықтасын;
 - 2) коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынға "Алматы қаласының халқы" мәліметтерінің электрондық базасын қалыптастыру және жалғастыру тапсырылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау заңдылық, құқық тәртібі, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару жөніндегі тұрақты комиссияға (Иманқұлов М.С.) және Алматы қаласы әкімі аппаратының басшысы М.Т. Баяндаровқа жүктелсін.

төрағасы

*ІІІ-сайланған Алматы қаласы
Мәслихаты ІV-сессиясының
А. Попелюшко*

Мәслихатының хатшысы Т. Мұқашев
III-сайланған Алматы қаласы
Мәслихатының IV сессиясының
2003 жылғы 24 желтоқсандағы
N 25 шешімімен бекітілген

Алматы қаласының халқын тіркеу ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қаласының халқын тіркеу ережелері (бұдан әрі - "Ережелер") Қазақстан Республикасының "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" 1998 жылғы 1 шілдедегі N 258-1 Заңы 3 бабының 8 тармағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының халқын құжаттамалау және тіркеу ережелеріне, Қазақстан Республикасына шет ел азаматтарының келіп-кету ережелеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 136 Қаулысымен бекітілген олардың Қазақстан Республикасынан кетуі ережелерінің негізінде әзірленді.

Алматы қаласының республикалық маңыздағы қала, бір жарым миллионнан астам халқы бар ірі мегаполис екендігін назарға ала отыра, осы Ереже оның аумағында көші-қон барысын реттеу мақсатында қабылданды және есептеудің автоматтандырылған жүйесі және Алматы қаласы халқы мәліметтерінің электрондық банкісін құру арқылы оларды ресімдеуді оңайлату жолымен тіркеу рәсімін жетілдіруді қарастырады.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелерде пайдаланылатын түсініктер:

1) **Алматы қаласының халқы** - Алматы қаласында тұрақты немесе уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары, Алматы қаласына уақытша келген шет ел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар;

2) **Алматы қаласында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары** - тұрақты мекенжайы Алматы қаласы болып табылатын адамдар;

3) **Алматы қаласына уақытша келген Қазақстан Республикасының азаматтары** - тұрақты мекенжайы Қазақстан Республикасының өзге қалалары (облыстары) болып табылатын адамдар;

4) Алматы қаласына келетін **шет ел азаматтары** болып - Қазақстан Республикасының азаматтары емес және өзге мемлекеттің азаматтығына өзінің

тиістілігін дәлелдей алмайтын адамдар танылады;

5) Алматы қаласына келген **азаматтығы жоқ адамдар** - Қазақстан Республикасының азаматы емес және өзге мемлекеттің азаматтығына өзінің тиістілігін дәлелдей алмайтын адамдар;

6) **тұрақжай** - белгіленген техникалық, санитарлық және өзге міндетті талаптарға жауап беретін тұрақты тұруға арналған және пайдаланылатын жеке тұрғын үй бірлігі (жеке тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме);

7) **жеке басты куәландыратын құжат** - Қазақстан Республикасындағы шет ел азаматының тұруына рұқсат беретін жеке куәлік, шет ел азаматының паспорты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі;

8) **тіркеу органы** - ҚР азаматтарын, шет ел азаматтарын, азаматтығы жоқ адамдарды тұрақты мекенжайы бойынша және, Алматы қаласы аумағында уақытша болатын адамдарды тіркеу және тіркеуден шығаруға уәкілетті мемлекеттік орган (аудандық қалалық)

9) **автоматтандырылған жүйе** - халықты тіркеу мен есепке алу бойынша ақпараттық процестерді жүзеге асыру арналған ақпараттық технологиялардың, ақпараттық желілердің және оларды бағдарламалық техникалық қамсыздандыру құралдарының жиынтығы;

10) **Алматы қаласы халқы деректерінің электрондық банкісі** - ақпараттық жүйеде мазмұндалған, тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуге біріктірілген және ақпаратты пайдаланушылар үшін қызығушылық туғызатын электронды жүйеленген ақпарат (мәліметтердің ақпараттық базасы);

11) **уәкілетті оператор** - автоматтандырылған ақпараттық жүйе мен банк мәліметтерін қалыптастыру мен дамытуды жетелеуді және ұйымдық-техникалық қолдауды жүргізетін коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын нысанындағы ұйым.

2. Алматы қаласында тұрақты тұратын

Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу

2. Алматы қаласында тұрақты тұратын және Қазақстан Республикасының өзге өңірлерінен қалаға тұрақты тұруға келген Қазақстан Республикасының азаматтары тұрғылықты жері бойынша тіркеледі және тіркеуден тұрғылықты жері ауысқан аудандық тіркеу органдарында тіркеуден алынады.

3. Жеке куәлігін айырбастаған азаматтар қайта алған куәлігі бойынша тіркеуден шығу қажеттігі жағдайында бұрынғы тіркеу орны бойынша тіркеледі.

4. Тұрғылықты жері бойынша тіркелуге тиіс адамдар он күн мерзім ішінде мына құжаттарды тапсыруға тиіс:

1) Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке куәлігі (уақытша жеке куәлік, Ф N 1 формулярының түбіршегі);

2) олардың белгіленген тәртіппен тұрғынжайды меншікке алғандығын айғақтайтын немесе оны пайдалануға алғандығын, оның ішінде жалдау (жалдау), қосалқы жалдау шарты бойынша алғандығын куәландыратын құқықты белгілеуші құжаттар немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге негіздер бойынша оларды тұрақжайға қоныстандыру құқығын б е р е т і н қ ұ ж а т т а р ;

3) азаматтардың өтініші және тұрғын үй меншіктерінің тіркеуге келісімі (2 қ о с ы м ш а) ;

4) бұрынғы тұрағынан кету парағы (3 қосымша);

5) туу туралы куәлік (16 жасқа дейінгі балаларға);

6) әскери билеті немесе әскери есепке қабылданғандығы туралы белгісі бар тіркеу куәлігі (әскери міндеттілер үшін);

7) тұрғындарды есепке алу кітабы немесе тұрғындарды есепке алудың электрондық парағы (9 немесе 1 қосымша);

8) мемлекеттік баж салығын төлегендігі туралы түбіртек.

5. Осы Ережелердің 4 тармағында көрсетілген құжаттардың негізінде жауапты қызметкерлер автоматтық режимде қылмыстық шектеушілік пәніне тіркеу үшін (құқық бұзушылық жасағаны үшін іздестіру және т.б.) жүгінген азаматтарды тіркеуді жүргізеді, сондай-ақ автоматты түрде келгендігінің екі электронды парағын (4 қосымша), оған бір статистикалық талонды қалыптастырады (5 қосымша). Алматы қаласының шегінде тұрғылықты жерде тіркеу кезінде статистикалық талон толтырылмайды.

6. Осы Ережелердің 5 тармағында көрсетілген шаралар өткізілгеннен кейін тіркеуді тұрғындарды тіркеу кітапшасында немесе тұрғындарды есепке алудың электронды парағында мөртабан басу арқылы тіркеу органының жауапты қ ы з м е т к е р і жү р г і з е д і .

7. Тіркеуден бас тарту дәлелді болуға және тіркеу органы басшысының қолы қойылған жазбаша нысанда ресімделуге тиіс және жоғары тұрған органға немесе сотқа мүдделі адам шағымдана алады.

8. Тіркеу дерегі және азаматтардың тіркеу мәліметтері Алматы қаласы халқы мәліметтерінің электрондық банкісіне енгізіледі.

9. Тұрғындарды есепке алу кітабы немесе тұрғындарды есептеудің электрондық парағы осы тұрақжайда тұратындығын айғақтайтын құжаттар болып табылады, олар қажет болса мүдделі органдарға көрсетіледі. Тұрғылықты жерін айғақтайтын қандай да бір өзге құжаттарды немесе анықтамаларды талап е т у г е ж о л б е р і л м е й д і .

10. 16-жасқа толмаған балаларды тіркеу мекенжай парақтарын толтыру арқылы белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Статистикалық есеп талондары ата-аналардан (қамқоршылардан, асыраушылардан) жеке тұрған жағдайда ғана

толтырылады. Балалар мекемелерінде (сәбилер үйінде, балалар үйінде, мектеп-интернаттарда), арнайы мектептер мен училищелерде тұратын балалар егер олар ата-аналардың (қамқоршылардың, асыраушылардың) бірінде немесе қала шегінде тұратын өзге туыстарында тіркелмесе, осы мекемелер мен оқу орындарының мекенжайы бойынша тіркеледі.

11. Ұзақ сырқатқа шалдыққандарға арналған арнайы емдеу мекемелерінде тұратын адамдар жеке куәлігі немесе өзге бар құжаттары бойынша тіркеледі.

12. Ерекше жағдайларда бұрынғы тұрғылықты жері бойынша тіркеуден алынбаған адамдарға тіркеу ресімделуі мүмкін. Бұл жағдайда кету парағы толтырылады, ол тіркеуден шыққандығын ресімдеу және мекенжай бюросына беру үшін бұрынғы тіркеу орны бойынша ішкі істер органына жолданады.

13. Тіркеу кезінде мекенжай парақтарына тігілетін статистикалық талондар статистика органдарына жолданады.

14. Келгендігі туралы мекенжай парақтарының бір данасы мекенжай бюросына, екіншісі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон полициясы департаментінің Құжаттамалау басқармасына жолданады.

3. Алматы қаласында тұратын азаматтарды тіркеу есебінен алу

15. Жаңа тұрғылықты жерге кеткен адамдар тіркеу есебінен өтінішті, жеке куәлігін (уақытша жеке куәлігін), тұрғындарды есепке алу кітабын немесе тұрғындарды есепке алудың электронды парағын көрсету арқылы бұрынғы тұрғылықты жері бойынша алынады.

16. Тіркеуден алу тіркеудегі сияқты тәртіппен жүргізіледі. Бұл жағдайда автоматты түрде екі электронды кететіндігі туралы мекенжай парағы (3 қосымша), оларда бір статистикалық талон (6 қосымша) қалыптасады. Кету парағының данасы тіркеу органының дөңгелек мөрімен куәландырылады және азаматтың қолына немесе жаңа тұрғылықты жері бойынша көрсету үшін өкілетті адамға беріледі.

17. Тіркеуден алу тіркеу есебінен алынатын адамның өтініші мен оның жеке куәлігін көрсетусіз тұрғынжай меншіктерінің жеке бастамасы бойынша ресімделуі мүмкін. Бұл жағдайда тұрғынжай иесінің өтініші (2 қосымша), екі дана кету парағы және оған тігілетін статистикалық есеп талоны ресімделеді. Ресімделген кету парағының бір данасы мекенжай бюросына, ал екіншісі тұрғынжай иесіне немесе есептен алынған азаматқа тапсыру үшін өкілеттенген адамға беріледі.

18. Шет елге тұрақты тұруға кететін азаматтардан тіркеу есебінен алынған кезде Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі алынады.

19. Бас бостандығынан айырылуға кесілген адамдарды есептен алу, егер олар қамауда ұсталса, үкім заңды күшіне енгеннен кейін жүргізіледі. Бұл жағдайда, тергеу оқшаулағыштарының әкімшілігі аумақтылығы бойынша тіркеу органдарына толтырылған екі дана кету парағын және оған тігілетін статистикалық талонды қосып хабарлайды. Тіркеуден алынғаннан кейін кету парағының бір данасы сотталғанның ісіне тігу үшін тергеу оқшаулағышына қайтарылады, ал екіншісі бұрынғы мекенжайы бойынша мекенжай бюросына ж о л д а н а д ы .

20. Қайтыс болғандарды тіркеуден алу ҚР қолданыстағы заңнамасының негізінде жүргізіледі, бұдан кейін жеке куәлік пен паспорт белгіленген тәртіппен жойылады. Бұл жағдайда кету парағы толтырылып, мекенжай бюросына жолданады.

4. Алматы қаласына уақытша келген

Қазақстан Республикасы азаматтарын есепке алу

21. Алматы қаласына үш айдан астам мерзімге уақытша келген Қазақстан Республикасының азаматтары уақытша келген жері бойынша тіркеу органдарына е с е п к е т ұ р у ғ а м і н д е т т і .

22. Есепке қоюды тіркеу үшін жауапты қызметкерлер тұрақты тұрғылықты жерге тіркеу кезіндегідей тәртіппен жүргізеді.

23. Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі бар немесе оны жоғалтқан нақты бір тұрғылықты жері жоқ адамдар белгіленген тәртіппен арнайы ішкі істер бөлімшелерінде есепке алынады.

5. Алматы қаласына уақытша келген шет ел азаматтарын тіркеу

24. Алматы қаласына уақытша келген шет ел азаматтары Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің өкілдігінде тіркелетін адамдардан басқалары өзінің уақытша тұрғылықты жері бойынша тіркеу органдарына бес күнтізбелік күннің бойында тіркелуге міндетті.

25. Алматы қаласының аудандық тіркеу органдарына 30 тәуліктен аспайтын мерзімде келген шет ел азаматтарының паспорттары тіркеледі.

26. Қалалық тіркеу органдарына Алматы қаласына 30 тәуліктен асатын мерзімге тұруға келген шет ел азаматтарының паспорттары тіркеледі.

27. Тіркеуді ресімдеуді және оны ұзартуды қабылдаушы ұйымдардың қолдау хаттарында немесе жеке тұлғалардың өтініштерінде көрсетілген мерзімге, алайда визаның қолданылу мерзімінен аспайтын уақытқа тіркеу органдарымен жүргізеді

28. Визасыз тәртіппен Қазақстан Республикасына келген шет ел азаматтарын тіркеу аудандық тіркеу органдарында тоқсан тәуліктен аспайтын мерзімде жүргізіледі және кейіннен қалалық тіркеу органдарында осындай мерзімге ұ з а р т у ы м ү м к і н .

29. Алматы қаласының аумағына шет ел жұмыс күшін тартуға немесе коммерциялық қызмет жүргізуге рұқсаты белгіленген тәртіппен ресімделген шет ел азаматтарын тіркеу осы рұқсаттың қолданылу мерзіміне ресімделеді.

30. Иммигранттарды (оралмандарды, қашқындарды) тіркеу - тіркеу органдары халықтың күші-қон мәселелерімен айналысатын аумақтық уәкілетті органдармен келісім бойынша жүргізіледі.

31. Алматы қаласына діни уағыздау және қандай да болса сенім түрлерін діни-ағартушылық әрекет арқылы тарату үшін келген шет ел азаматтарын тіркеу, алқаптық атқарушы органдармен келісім бойынша, тіркеу органдарымен жү р г і з і л е д і .

32. Шет ел студенттерінің (оқушыларының) паспорты белгіленген тәртіппен оқу орны басшысының қолдау хатына сәйкес мерзімге тіркеледі.

33. Шет ел азаматтарының паспортын тіркеуді ресімдеу үшін қабылдаушы ұйымдар, жеке тұлғалар тіркеу органдарына мына құжаттарды тапсырады:

- 1) белгіленген үлгідегі қабылдаушы ұйымның жазбаша өтініші (7 қосымша);
- 2) шет ел азаматының өтініші (2 қосымша);
- 3) шет ел азаматының паспорты;
- 4) фото сурет (33x43 мм).

34. Тапсырылған құжаттар негізінде жауапты қызметкерлер автоматтандырылған жүйе арқылы криминалдық шектеу пәніне (қылмыс жасағандығы үшін іздеу және т.б.) тіркеу үшін жүгінген адамдарды тексереді, сондай-ақ шет ел азаматының паспортына электронды қосымша жасайды (8 қосымша), ал бір жылдан артық мерзімге келген адамдарға бұлармен қатар, статистикалық есеп талоны мен келу парағы ресімделеді. Олардың оң жақтағы жоғары бұрышына "И" әрпі қойылады.

35. Тапсырылған құжаттарды тиісті тексеруден кейін тіркеу шет ел азаматына оларды ресімдеген тіркеу органдарында жауапты қызметкердің қолымен және мөрімен куәландырылған паспортқа түбіртеккі беру арқылы жүргізіледі.

36. Тіркеу деректері мен шет ел азаматтары үшін тіркеу мәліметтері Алматы қаласы халқы деректерінің электрондық банкісіне енгізіледі.

37. Қазақстан Республикасының шет ел азаматтарының рұқсат етілген келу мерзімі және олардың паспорттарын тіркеу күші мына азаматтар үшін т о қ т а т ы л а д ы :

- 1) Қазақстан Республикасынан - визаның қолданылу мерзімінің соңғы күні

к е т е т і н д е р г е ;

2) визасыз тәртіппен кететіндерге - тіркеудің қолданылу мерзімінің соңғы күні .

38. Алматы қаласына шет ел азаматтарының келу мерзімін ұзарту туралы шешімді заңды және жеке тұлғаларды қолдау хаттарының негізінде Алматы қаласының тіркеу органдары қабылдайды. Бұл жағдайда жеке шаруасы бойынша Алматы қаласына келген шет ел азаматтарының болу мерзімі үш айдан аспайтын мерзімге, оқу орны басшылығының қолдау хатына сәйкес мерзіміндегі оқу үшін, емделу үшін - медицина мекемесінің басшысы берген медициналық қорытынды негізінде емдеу мерзіміне, жұмыс үшін мемлекеттік мекеме берген лицензияның қолданылу мерзімінің бойынша тұрақты тұруға қалдыру туралы өтініш жасаған адамдарға, халықтың күші-қон мәселелерімен айналысатын аумақтық уәкілетті органдар тіркеуі құжаттарды ресімдеу үшін қажетті мерзімге ұзартады. Уақытша тұру үшін келген шет ел азаматтарын тіркеу туралы мәліметті тіркеу органдары сол мекенжайы бойынша оларға тұруға рұқсат етілген мерзімді көрсетіп, қоғамдық қауіпсіздік қызметіндегі уәкілетті органына тапсыруға міндетті.

39. Қоғамдық қауіпсіздік қызметіндегі уәкілетті органы осы адамдардың өз уақытында кетуін қадағалауға міндетті. Егер олардың кетпегендігі анықталса, бұл туралы құқық бұзушыларды аудандық ішкі істер органдарына шақыру (сырқаттарды қоспағанда) және осы Ережелерді бұзу себептерін анықтау үшін полицияның учаскелік инспекторына хабарланады. Тиісті шаралар қабылданып, кету құжаттары ресімделгеннен кейін олар паспортпен иесіне қайтарылады. Оларға белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасының аумағынан кету қажеттігі туралы ескертіледі. Полицияның учаскелік инспекторына шет ел азаматының - тәртіпті бұзушыны қала аумағынан кетуін қадағалау тапсырылады.

40. Осы Ережелердің күші сондай-ақ, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге ештеңе көзделмесе, азаматтығы жоқ адамдарға да қолданылады.

6. Алматы қаласының халқын тіркеу ерекшеліктері

41. Алматы қаласының тіркеу органдарының және халықтың күші-қон мәселелерімен айналысатын аумақтық уәкілетті органдар автоматтандырылған ақпарат жүйесімен және уәкілетті оператор қызмет көрсететін Алматы қаласы халқы мәліметтерінің жасалынған электронды банкісімен қамтамасыз етіледі.

*III-сайланған Алматы қаласы
Мәслихаты IV-сессиясының
А. Попелюшко*

төрағасы

III-сайланған Алматы қаласы

Мәслихатының хатшысы

Т. Мұқашев

Қосымша 1

| | | қаласы | | Тұрғын үй типі | |
|---|------------------------------------|--|--|--|--|
| Тұрғындарды тіркеу кітабы | | Шағын аудан | | Бөлме саны | |
| N 000000000 | | Көшесі | | Тұрғын үй көлемі Жалпы көлемі | |
| | | Үй | пәтер | | |
| Үй-жайдың иесі | | Иесінің аты-жөні туған күні | | | |
| | | Құқық орнатушы құжат берілген күн | | | |
| N | Т. А. Ә. Туған күні айы жылы | Төлқұжат N және берілген күні ИН | Негізгі пәтер жалдау шығару туыстық қатынасы | Ресімдеу күні бар тіркеумертабаны | Тіркеуден шығару туралы белгі және оны рәсімдеу күні |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| Басталды " _ " _____ 20_ ж. Аяқталды " _ " _____ 20_ ж. | | | | | |
| | | | | | |
| КПБ | жауапты | | қызметкерінің | | аты-жөні |
| КПБ жауапты қызметкерінің аты-жөні | | | | | |

Қосымша 2

(қайда) _____ ТІРКЕЛУГЕ АРЫЗ Мен,
 (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні) азаматы (шасы) _____
 (т ө л қ ұ ж а т)

_____ мені және менің ержетпеген балаларымды,
 барлығы _____ адам,

_____ (тегі, аты, әкесінің аты, туу туралы
 _____ к у ә л і к н о м е р і)

_____ Келген жерім _____

Көшіп _____ (ел, облыс, аудан, елді мекен) Мерзімі _____
 келу мақсаты _____

| | |
|---|---|
| (тегі, аты, әкесінің аты, төлқұжат) | |
| тұрғын жай берілген | (ордер N, шарт N ж/е |
| басқа, құжат беру күні, тұрғын жай) Мекен-жайы _____ Арызданушының қолы _____ | |
| қабылданған шешімнің уәжі | Тұрғын жай берушінің қолы _____ ШІКІ ІСТЕР ОРГАНЫНЫҢ ШЕШІМІ |
| М.О. АПБ немесе көші-қон полициясы | |
| басшысы " " _____ 20 ж. | |

Қосымша 3

| | |
|--|---|
| <p>Тіркеу номері МЕКЕН-ЖАЙЛЫҚ КӨШПІ КЕТУ ПАРАҒЫ 1.Тегі 2. А т ы 3.Әкесінің аты 4.Туған күні 5.Туған ! ел жері ! аймақ ! шағын аудан ! елді мекен 6.Жынысы Ұлты</p> <p>7. Тірке ! ел лінген! аймақ мекен-! шағын аудан жай ! елді мекен ! көше ! үй 8.Қайда ! ел көшіп ! аймақ кетті ! шағын аудан ! елді мекен Сол елді мекенде басқа көше, үй, пәтерге көшіп кірді Аты-жөнін деп ауыстырды Басқа себептер</p> | 9.Көшіп кету мақсаты |
| | 10. Жеке бас куәлігі |
| | 11.Онымен бірге көшіп кеткен 16 жасқа толмаған балалары |
| | Аты-жөні !Жынысы!Туған күні! |
| | ----- ! ! ----- ! ! ----- ! ! ----- |
| | Ескерту - балалар тек қана бір ата-анасының көшіп кету қағазына кіргізіледі |
| | 12.Парақ толтырылды |
| | қ о л ы _____ |
| | 13.Мәліметтерді тексеріп тіркеуді ресімдеді |
| | " " _____ 20 ж. М.О. |

Қосымша 4

| | |
|---|---|
| <p>Тіркеу номері МЕКЕН-ЖАЙЛЫҚ КӨШПІ КЕЛУ ПАРАҒЫ 1.Тегі 2. А т ы 3.Әкесінің аты 4. Туған күні</p> <p>5. Туған ! ел жері ! аймақ ! шағын аудан</p> | 9.Көшіп келу мақсаты |
| | 10. Жеке бас куәлігі |
| | 11.Онымен бірге көшіп кеткен 16 жасқа толмаған балалары |
| | Аты-жөні !Жынысы!Туған күні! |
| | ----- ! ! ----- |

| | |
|---|---|
| ! елді мекен 6.Жынысы Ұлты | _____! _____! |
| 7.Тірке ! ел ліне- ! аймақ тін ! шағын аудан мекен-! елді мекен жай ! көше ! үй 8.Қайдан! ел көшіп ! аймақ келді ! шағын аудан ! елді мекен Сол елді мекенде басқа көше, үй, пәтерге көшіп кірді Аты-жөнін деп ауыстырды Басқа себептер | Ескерту - балалар тек қана бір ата-анасының көшіп кету қағазына кіргізіледі 12.Парақ толтырылды қ о л ы _____ 13.Мәліметтерді тексеріп тіркеуді ресімдеді "__" _____20__ж. М.О. |

Қосымша 5

Тіркеу нөмірі

КӨШПІ КЕЛУ ПАРАҒЫНА ҚОСЫЛАТЫН СТАТИСТИКАЛЫҚ ЕСЕП ТАЛОНЫ

(Талон толтырушының)
Тегі, аты, әкесінің аты

Азаматтығы

| | Келу жері | Қайда келді |
|-------------|---------------------------|-------------|
| Ел | Қазақстан Республикасы | |
| Аймақ | | |
| Шағын аудан | | |
| Елді мекен | | |
| | | |

*Алматы қ-сы, Ленинск қ-сы

Отбасы мүшелерінің барлығына, соның ішінде толтыруға жауапты адамға да
т о л т ы р ы л а д ы

Келгендердің барлық саны, соның ішінде 16 жасқа дейінгілердің саны

| Аты | Жынысы | Туған күні | Ұлты | Бағанның коды* | | | | | | |
|-----|--------|------------|------|----------------|---|---|---|---|---|--|
| | | | | А | Б | В | Г | Д | Е | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

*16 жасқа толғандардан бастап толтырылады

Толтыру ережесін талонның сыртқы жағынан оқыңыз:

A - Қоғамдық категория Г - Білімі бойынша мамандығы
 Б - Шығу мақсаты Д - Некелік күйі
 В - Білім деңгейі Е - Мәртебесі (тек республикадан тыс жерлерден келгендер үшін)

Тіркелу күні _____

Толтыруға _____

жауапты _____

Мәліметтерді тексерген _____

Және тіркеуді ресімдеген _____

Қолы

Қолы

(а р т қ ы _____)

(ж а ғ ы _____)

қосымша 5

Көшіп келу статталонының толтырылу ережесі

1 "Тегі, аты, әкесінің аты", "Азаматтығы", "Келу жері" бағындарында барлық отбасы мүшелерінің келуіне жауаптының мәліметтері толтырылады. Басқа сұрақтар барлық көшіп келушілерге қатысты (толтыруға жауаптыны қосқанда).

А, Б, В, Г, Д, Е бағандарында тиесілі код қойылады

| | | |
|---|--|---|
| А. Қоғамдық категория | Ж алданған кызметкерлер [еңбек шарт, (келісім) бойынша кызмет ететіндер]; жұмыс берушілер (жұмысшыларды жалдайтындар); өз есебінен кызмет ететіндер (жеке еңбек); жұмыссыздар және басқалар (зейнеткерлер, студенттер, үй шаруалары, т.б.) | 1 |
| | | 2 |
| | | 3 |
| | | 4 |
| | | 5 |
| Б. шығу мақсаты (тұрғын-жайын өзгерту себептері) | | |
| | Тұрақты орналасу мақсатында еңбек келісімі бойынша оқу барысымен т.б. | 1 |
| | | 2 |
| | | 3 |
| | | 4 |
| В. білім деңгейі | Ж о ғ а р ы | 1 |
| | Бітпеген жоғары | 2 |
| | | 3 |
| | Арнайы орта | 4 |
| | Орта білім | 5 |
| | Толық емес орта білім | |

| | | |
|--|-------------------|---|
| Г. білім бойынша мамандығы | Сәулет-құрылыс | 1 |
| | медициналық | 2 |
| | педагогикалық | 3 |
| | техникалық | 4 |
| | экономикалық | 5 |
| | заңгерлік | 6 |
| | ауылшаруашылық | 7 |
| | т.б. | 8 |
| Д. некелік күйі | Некеде болмаған | 1 |
| | некеде | 2 |
| | жесір | 3 |
| | ажырасқан | 4 |
| Е. Келгендер мәртебесі [республикамыздың тыс жерлерінен келгендер ғана толтырады] | | |
| | босқындар | 1 |
| | босқын-репатриант | 2 |
| | иммигрант | 3 |
| "Туған күні" бағанын үлгісі 1986 жылы 7 шілдеде туған адамның мәліметі былай толтырылады : "айы" - 07, "жылы" - 1986. | | |

Қосымша 6

Тіркеу нөмірі

КӨШПІ КЕТУ ПАРАҒЫНА ҚОСЫЛАТЫН СТАТИСТИКАЛЫҚ ЕСЕП ТАЛОНЫ

(Талон толтырушының)
 Фамилиясы, аты, әкесінің аты
 Азаматтығы

| | Көшіп кету жері | Қайда көшіп кетті |
|-------------|------------------------|-------------------|
| Ел | Қазақстан Республикасы | |
| Аймақ | | |
| Шағын аудан | | |
| Елді мекен | | |
| | | |

*Алматы қ-сы, Ленинск қ-сы

Отбасы мүшелерінің барлығына, соның ішінде толтыруға жауапты адамға да
 толтырылады

Тіркеуден шыққандардың барлық саны, соның ішінде 16 жасқа дейінгілердің
 саны

| | | | | |
|--|--|--|--|----------------|
| | | | | Бағанның коды* |
|--|--|--|--|----------------|

| | | | | | | | | | |
|-----|--------|------------|------|---|---|---|---|---|--|
| Аты | Жынысы | Туған күні | Ұлты | А | Б | В | Г | Д | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

*16 жасқа толғандардан бастап толтырылады

Талонды толтыру ережесін сыртқы жағынан оқыңыз:

А - Қоғамдық категория Г - Білімі бойынша мамандығы

Б - Шығу мақсаты

Д - Некелік күйі

В - Білім деңгейі

Тіркелу күні

Толтыруға

Мәліметтерді тексерген

жауапты _____

Және тіркеуді ресімдеген _____

Қолы

Қолы

(а р т қ ы

ж а ғ ы)

Қосымша 6

Көшіп кету статталонының толтырылу ережесі

1 "Тегі, аты; әкесінің аты", "Азаматтығы", "Көшіп кету жері" бағындарында барлық отбасы мүшелерінің келуіне жауаптының мәліметтері толтырылады. Басқа сұрақтар барлық көшіп келушілерге қатысты (толтыруға жауаптыны қосқанда).

А, Б, В, Г, Д бағандарында тиесілі код қойылады

| | | | |
|---|--|---|---|
| А. Қоғамдық категория | Жалданған қызметкерлер [еңбек шарт, (келісім) бойынша қызмет ететіндер]; | 1 | 3 |
| | жұмыс берушілер | 2 | |
| | (жұмысшыларды жалдайтындар); | 3 | |
| | өз есебінен қызмет ететіндер (жеке еңбек); | 4 | |
| | жұмыссыздар және басқалар (зейнеткерлер, студенттер, үй шаруалары, т.б.) | 5 | |
| Б. Көшіп кету мақсаты (тұрғын-жайын өзгерту себептері) | | | |
| | Тұрақты орналасу мақсатта | 1 | |
| | еңбек келісімі бойынша | 2 | |
| | оқу барысымен | 3 | |
| | т.б. | 4 | |
| В. Білім деңгейі | Жоғары | 1 | |
| | Бітірілмеген жоғары | 2 | |
| | Арнайы орта | 3 | |
| | Орта білім | 3 | |

| | | |
|---|-----------------------|--------|
| | Толық емес орта білім | 4 5 |
| Г. Білім бойынша мамандығы | Сәулет-құрылыс | 1 |
| | медициналық | 2 |
| | педагогикалық | 3 |
| | техникалық | 4 |
| | экономикалық | 5 |
| | заңгерлік | 6 |
| | ауылшаруашылық | 7 |
| | т.б. | 8 |
| Д. Некелік күйі | Некеде болмаған | 1 |
| | некеде | 2 |
| | жесір | 3 |
| | ажырасқан | 4 |
| "Туған күні" бағанын толтыру үлгісі 1986 жылы 7 шілдеде туған адамның мәліметі былай толықтырылады: "айы" - 07, "жылы" - 1986. | | |

Қосымша 7

(Ұжымдық бланк) ІІБ _____ аймақтық
 Көші-қон полиция
 басқармасының
 Басшысына _____
 (ұжым аты) _____-дан _____ дейін тіркеуді сұрайды Шет ел азаматтарының жеке бас
 куәлігі:
 1. _____
 (аты-жөні, азаматтығы, жеке бас куәлігі) 2. _____ 3. _____
 _____ 4. _____ келу
 мақсаты _____
 (тәжірибе алмасу, сынақ ісі, туризм, оқу, ж/е тб) тұрғын мекен-жайы _____ ұжым
 мөртабаны _____
 Ұжым басшысы _____
 (аты-жөні, қолы)

Қосымша 8

Т І Р К Е У
К У Ә Л І Г І
 Қазақстан Республикасында
 уақытша тұруды тіркеу REGISTRATION СВИДЕТЕЛЬСТВО
 CERTIFICATE РЕГИСТРАЦИИ for non-residents временного пребывания
 of Republic Kazakhstan в Республике Казахстан
 Тіркеу N _____
 тіркеуді рәсімдеген орган, рәсімдеу күні _____
 жеке бас куәлігі бойынша тегі _____
 _____ мекен-жайы бойынша

 келу мақсаты қолы М.О _____

Қосымша 1

 Елді мекен аты

Тұрғандарды тіркеу кітабы

_____ көшесі

N _____ үй тұрғандарын тіркеу үшін

ішкі істер органдарының аты

Б а с т а л д ы _____ 2 0 ж

Аяқталды _____ 20 ж

1 тарау - Кітап жүргізу үшін жауапты адамдар туралы мәліметтер

| Т.А.Ә | Үй бойынша лауазымы | Қай уақыттан бері | Ескерту |
|-------|---------------------|-------------------|---------|
| 1. | 2. | 3. | 4. |
| | | | |
| | | | |

2 тарау - тұрғындар туралы мәліметтер

| № п.п. | Т. А. Ә. Туған күні, жылы | айы, | Төлқұжат берілген күні | Негізгі пәтер жалдаушыға туыстық қатынасы | Ресімдеу күні тіркеу мөртабаны бар | Тіркеуден шығару туралы белгі және оны рәсімдеу күні |
|--------|---------------------------|------|------------------------|---|------------------------------------|--|
| | | | | | | |
| | | | | | | |

Осы кітап нөмірленді және тепшіленді

М. О.

Көші-қон полициясы

Басшысының қолы